

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй,
“Министрліктер үйі” ғимараты, № 15 кіреберіс
тел. 8 (7172) 74 04 29, кеңсе 8 (7172) 74 12 62
e-mail: kense@msm.gov.kz

010000, город Астана,
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8
здание “Дом министерств”, подъезд № 15
тел. 8 (7172) 74 4 29, канцелярия 8 (7172) 74 12 62
e-mail: kense@msm.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына**

**Жалпыұлттық социал - демократиялық
партия фракциясының депутаттары:**

А. Сагандыкова
Н. Ауесбаев
А. Рахимжанов
Н. Сайлаубай

**Қазақстан халық партия фракциясының
мүшелері:**

И. Смирнова
К. Сейтжан
Г. Танашева

**«AMANAT» партиясы фракциясының
мүшесі:**

П.Казанцев

**«Respublica» партиясы фракциясының
мүшесі:**

Н. Тау

2023 жылғы 25 мамырдағы № ДЗ – 195 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалға келесіні хабарлайды.

«Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының тармақтарына сәйкес және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында 2023 жылы еліміздің барлық өңірлерінде 44 мәдениет объектілерінің құрылысы жоспарланған. Сонымен қатар, өңірлерде 260 мәдени объектіге жөндеу жұмыстары басталып кетті. Жалпы алғанда, бұл жұмыстар 2021 жылдан басталған

болатын. 2025 жылға дейін 1 500 мәдениет нысандарының құрылысы мен оларды жөндеу (259 – құрылыс, 1 241 жөндеу) жұмыстары жүргізілетін болады.

Аталған жұмыстар жергілікті бюджет және «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, 2022 жылы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 22 мәдениет объектілерінің құрылысы (оның ішінде мәдениет үйі – 10, мемлекеттік архив – 1, ауылдық клубы – 3, саябақ – 2, көрме орталығы – 1, музей – 2, мәдениет кешені – 3) мен 287 мәдени объектіге (оның ішінде мәдениет үйі – 99, ауылдық клубы – 87, музей – 34, кітапхана – 31, мәдениет орталығы – 5, театр – 18, саябақ - 9, ұлттық өнер орталығы – 1, мәдени-демалыс орталығы – 3) жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Өздеріңізге белгілі, республикалық музей-қорықтардың жанынан визит-орталықтарды салу тарихи-мәдени объектілерін қорғау, туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасау мақсатында қолға алынды.

Республика бойынша Ұлытау облысында – Ұлытау, Алматы облысында – Таңбалы, Түркістан облысында – Отырар және Атырау облысы – Сарайшық визит-орталықтарының құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілген.

Депутаттық сауалда көрсетілген Түркістан облысындағы республикалық тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштердің аумағында Гаухар-Ана, Сауран, Ордабасы визит-орталықтары құрылыстарының мерзімнен тыс уақытқа созылғаны рас.

Көрсетіліп отырған үш визит-орталық құрылыстарының басталу уақыты пандемия және құрылыс саласындағы материалдарға бағалардың шарықтау кезеңіне түспа-түс келді. Осы орайда, визит-орталықтары бойынша жобалау-сметалық құжаттарына жаңа бағалардың есебімен өзгерістер енгізу біраз уақытты талап етті және бұл жағдайлар құрылыс жұмыстарын тежеді.

Гаухар-Ана, Ордабасы визит-орталықтарының құрылыс жұмыстарын 2022 жылы аяқтап, ашылу салтанаты жоспарланған болатын. Алайда, визит-орталықтарының сыртқы өңдеу жұмыстары, ағаштар отырғызу және аумағын аббатандыру жұмыстары қыс мезгіліне тура келгендіктен, құрылыс жұмыстары тоқтатылып, қаржы бюджетке қайтарылды.

Ендігі кезекте Түркістан қаласында бой көтерген Гаухар-Ана визит-орталығын жаз айында іске қосу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, Ордабасы визит-орталығын 2023 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда.

Баяндалғанға сәйкес Министрлік өз тарапынан визит-орталықтарды іске қосуға байланысты жұмыстарды жүргізуде.

Министр

А. Оралов

И. Казмадиярова, 74-04-95
i.kazmadiyarova@msm.gov.kz